




19-МЭРЯМ СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Тоқсан сөзіз аят.
Аса қамқор, ерекше мейірімді
Алланың атымен бастаймын.
Ұғымын Алла біледі. (1) (Мұхаммед F.C.) бұл Раббыңың құлы Зәкера (F.C.) ға мәрхаметтіңің естелігі. (2) Ал бір заманда ол, Раббына құпия дауыспен жалбарынған еді. (3) "Раббы! Сүйегім қаусап, басым агарған. Дегенмен саған қойған тілегім, босқа кетпеген еді" деді. (4) "Шынында мен өзімнен кейінгі


жақындарымнан (мұрагер бола алмайды деп) қорқамын. Сондай-ақ жұбайым кемпір. Сонда да маган өз қасыңдан бір мұрагер бере көр!" (5) "Ол, маган да мұрагер болып, ері Яғқұп үрпағына да мұрагер болсын. Раббым оны ризалығыңа бөле!" (6) (Алла): "Әй Зәкера! Расында сені бір үл арқылы қуантамыз. Аты Яхя. Бұрын оған ешкімді аттас қылмаган едік." (7) (Зәкера): "Раббы! Менің үлым қалайша болады! Жұбайым кембір. Расында өзім де кәріліктен қурадым" деді. (8) "Міне солайша" деді. Бірақ Раббың: "Ол маган оңай. Өйткені, сені бұрын жаратқындыда дәнеңе емес едің" деді. (9) "Раббым маган бір белгі бер" деді. (Алла): "Сенің белгің: сап-сая бола тұра үш тәулік адамдармен сейлесе алмайсың" деді. (10) Сонда (Зәкера) михраптан шығып, қауымына: "Ертелі-кеш Алланы дәріптендер" деп нұсқады. (11)

"Эй Яхя! Кітапты мықты ұста" деп, сәбілігінде-ақ даналық берген едік. (12) Эрі оған өз қасымыздан мұлайымдық, күнәдан тазалық бердік. Өзі де такуа еді. (13) Эрі әке-шешесіне де мейірімді еді. Зоракер, күнәкар емес еді. (14) Оған туылған күні, өлеңтін күні және тірі тұргызылатын күні амандық болсын. (15) (Мұхаммед F.C.) Құрандағы Мәріымды айтып бер. Сол уақытта ол, тұрган түйінің шығыс жағындағы бір орынга жекеленіп барды. (16) Сонда олардың бер жағынан шымылдық ұстап қойған еді. Сондай-ақ оған рұхымызды (Жебіреілді) жібердік те ол, оған толық адам бейнесінде көрінді. (17) (Мәріям): "Егер сен такуа болсаң да сенен Аллаға сиынамын" деді. (18) (Рұх): "Мен саған бір таза бала беруге жіберілген Рабыңың елшісімін" деді. (19) Мәріям: "Маган бір адам жұғыспаса, маган қалайша бала болады? Сондай-ақ сұық жолда болмасам" деді. (20) (Жебіреіл F.C.): "Ол, солайша" деді. Өйткені, Раббың: "Бұл Маган оңай. Мен



٣٠٦

тараптан адам баласына бір үлгі әрі бір мәрхамет. Бұл біткен бір іс еді" деді. (21) Мәріям; ол балаға жүкті болып, соныменен үзақ бір жерге кетті. (22) Сонда оны толғақ қысан, құрма ағашының тәбіне барды да: "Эттең-ай! Мен бұдан бұрын өліп қана мұлде үмытылып кеткен болсам еді" деді. (23) (Перште) оның астынғы жағынан: "Кейіме, Раббың астынан бір бұлақ жаратты" деп дабыстады. (24) "Құрманың бұтағын езіне қарай сілк. Саған жас құрма түседі" (деген үн келді.) (25)



٣٧

Ал енді же де іш. Көз айым бол! Егер адамдардан біреу көрсөн: "Аса қамқор Алла үшін ораза атадым. Сондықтан бұгін еш адаммен сөйлеспеймін" де. (26) Сонда баланы кетеріп еліне келді. Олар: "Әй Мәрят! Расында сен өрескел бір нәрсе келтірдің" деді. (27) "Әй һарунның қарындасты! (Сонымен рулас қызы.) Экең де жаман кісі емес, шешең де жаман жолда емес еді." (28) Мәрят баланы көрсетті. Олар: "Бесіктегі бір бебекпен қайтып сөйлесеміз?", - деді. (29) (Бала): "Рас

мен Алланың құлымын. Маган кітап беріп, пайғамбар қылды" деді. (30) "Сондай-ақ мені кайда болсам да құтты етті де, тіршілігім бойынша намазды, зекетті орындауға бүйірдьы." (31) "(Мені) шешеме мейірімді етіп, бір зоракер және қиқар қылмады." (32) "Маган туылған күнімде, өлер күнімде және тірілтіліп, тұргызылатын күнім де амандық болады." (33) Міне осы: Олар шүбәланған Мәрят ұлы Гиса (F.C.) жайындағы Алланың хақ сөзі. (34) Алланың баласы болуы мүмкін емес. Алла (T.) одан мұлде пәк. Ол, бір істің болуын қаласа, тек қана оған "бол" дейді. Сонда ол, бола қалады. (35) "Күдіксіз Алла, менің де Раббым әрі сендердің де Раббыларың. Онда Оған ғана құлшылық қылыштар. Тура жол осы." (36) Алайда, (Яъуди, Христиан) топтары өзара таласты. Қарсы болғандарға, ұлы бір күннің келуінде нендей өкініш. (37) Олар, алдымызға келген күні, нақ естиді де көреді. Бірақ залымдар, бұгін ашық түрде адасуда. (38)

(Мұхаммед F.C.) ол сенбей селқостықта болғандарга, олар түшін іс бітіп кететін қасырет күнін ескерт. (39) Расында біз жерге де ондагыларға да мұрагер боламыз. Және олар біз жаққа қайтарылады. (40) (Мұхаммед F.C.) Кітаптағы Ыбырайым (F.C.) ды есіце ал. Негізінде ол турашыл пайғамбар еді. (41) Сол уақытта әкесіне: "Эй әкетайым! Естімес, көрмес, сондай-ақ өзіңе бір пайдасы жоқ нәрсеге неге шоқынасың?", - деді. (42) "Эй әкетайым! Расында маган, саған келмеген білім келді. Сондықтан маган ілес. Сені тура жолға салайын." (43) "Эй әкетайым! Шайтанға шоқынпа! Өйткені, шайтан, Аллага қарсы болған." (44) "Эй әкетайым! Сені Алла жағынан азап қолға алышп, шайтанға дос болышп, қалуыңдан қорқамын." (45) Әкесі: "Эй Ыбырайым! Сен тәңірлерімнен бет бұрасың ба? Егер, мұны қоймасаң, әрине сені таспен атамын. Сондай-ақ өзің менен аулақ бол" деді. (46) (Ыбырайым F.C.): "Саған амандық болсын. Сені Раббыңың жарылқауын тілеймін. Өйткені, Ол, ете мейірімді" деді. (47) "Мен сендерден де Алладан өзге



шоқынгандарыңдан да араны ашып, Раббыма жалбарынамын. Сондай-ақ Раббы ма жалбарын сағ, бос қалмауынан үміткермін." (48) (Ыбырайым F.C.) олардан; олардың Алладан өзге табынгандарынан да ажыраған кезде, оған Ысхақ пен Яғұпты беріп, әрқайсысын пайғамбар қылдық. (49) Оларға рахметімізден бағыш етіп, оларды әр тілде жоғары бағалаттық. (50) (Мұхаммед F.C.) Кітаптағы Мұса (F.C.) ны есіце ал. Рас ол, ықыласты әрі жіберілген пайғамбар еді. (51)

وَنَذِيئُهُ مِنْ حَابِ الظُّرُورِ الْأَيْمَنِ وَفَرِيئَهُ بِحَابِاً [٦٣] وَوَهْبَنَاهُ مِنْ
رَهْبَنَاهَا هَرْبَنَاهُ بَنَاهُ [٦٤] وَأَذْكُرُ الْكِتَابَ إِسْعَيْلَهُ كَانَ
صَادِقَ الْوَعْدِ وَكَانَ رَسُولًا نَبِيًّا [٦٥] وَكَانَ يَأْمُرُ أَهْلَهُ بِالصَّلَاةِ
وَالزَّكُوةِ وَكَانَ عَذْرَيْهِ مَرْضِيًّا [٦٦] وَأَذْكُرُ فِي الْكِتَابِ أَدْرِيسَ
إِنَّهُ كَانَ صَدِيقَنَبِيًّا [٦٧] وَرَفِعَنَهُ مَكَانًا عَلَيْهَا [٦٨] أُولَئِكَ الَّذِينَ
أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّنَ مِنْ ذُرَيْهِ أَدَمَ وَمَنْ حَمَلْنَاهُمْ نُوحَ
وَمَنْ ذُرَيْهِ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْرَائِيلَ وَمَنْ هَدَنَا وَاجْهَنَّنَا إِذْنَلِهِ عَلَيْهِمْ
إِيَّاهُنَ حَرْوَنَ سَجَدَ وَبِكَاهَا [٦٩] فَلَفَّ مِنْ بَعْدِهِ
خَلْفَ أَصْاعَادِ الْأَصْلَوَةِ وَاتَّبَعَ أَشْهَوَاتِ فَسَوْفَ يَلْقَوْنَ عَيْنًا
إِلَّا مَنْ تَابَ وَأَمَنَ وَعَمِلَ صَلِحًا فَأُولَئِكَ يَدْخُلُونَ الْجَنَّةَ
وَلَا يُطْلَمُونُ شَيْئًا [٧٠] جَنَّتَ عَدَنَ الَّتِي وَعَدَ الرَّحْمَنُ عَادَهُ
يَا لَنَبِيِّنَاهُ كَانَ وَعْدُهُ مَأْيَيًّا [٧١] لَا يَسْعُونَ فِيهَا لَعْوَالِيَّا
وَلَهُمْ زِرْفَهُمْ فِيهَا بَكْرَةً وَعَشِيًّا [٧٢] تَلِكَ الْجَنَّةُ الَّتِي تُورَثُ مِنْ
عِبَادِنَا مَنْ كَانَ نَبِيًّا [٧٣] وَمَانِزَلَ إِلَّا يَأْمُرُكَ لَهُ مَا بَيْنَ
أَيْدِيَنَا وَمَا خَلَفَنَا وَمَا بَيْنَ ذَلِكَ وَمَا كَانَ رَبُّكَ نَبِيًّا [٧٤]

Оған Тұр тауының оң жағынан дабыстап, сейлесу үшін өзімізге жақында ттық. (52) Әрі мәрхаметтің тұсы һарынды, өзіне пайғамбар етіп бердік. (53) (Мұхаммед F.C.) Құрандағы Ысмайыл (F.C.) ды есіце ал. Шынында ол, уәдесіне берік әрі жіберілген бір пайғамбар еді. (54) Үй-ішіне, намазбен зекетті орындауды бұйыратын еді. Сондай-ақ Раббының қасында сүйікті еді. (55) (Мұхаммед F.C.) Кітаптағы Ыдырыс (F.C.) ды ескер.

Өйткені, ол шыншыл бір пайғамбар еді. (56) Оны жоғары орынға көтердік. (Пайғамбарлық дәрежесіне, Аллаға жақындауға, жаннатқа және көкке шығаруға. Ж.Б.Р.К.Х.) (57) Міне бұлар, Алла, өздерін нығметке бөлеген пайғамбарлар. Адам (F.C.) ның және Нұх (F.C.) пен бірге (кемеде) тасығандарымыздың үрпағынан әрі Ыбырайым (F.C.) және Исарайлдың үрпағынан туралған көрсетіп, таңдаған кісілерімізден. Оларға Алланың аяттары оқылған сәтте, жылаған бойда сәждеге жығылады (Сәждебар) (58) Бұл пайғамбарлардан кейін орындарына, намазды қойып, нәспілеріне ергендер келді. Олар жақында (қияметте) адасуларының сазайын тартады. (59) Бірақ кім тәүбе қылып, иман келтірген түрде түзу іс істесе, міне солар ешбір әділетсіздікке үшірамай жаннатқа кіреді. (60) Ол, аса қамкор Алланың құпия түрде құлдарына уәде еткен (Радын) жаннатары. Расында Оның уәдесі орындалады. (61) Олар жаннатта сәлемнен басқа бос сезестімейді. Және оларға жаннатта ертелі-кеш несібе бар. (62) Құлдарымыздан біреу тақуа болса, соны мұрагер ететін бейіш осы. (Бір уақ Жебрейіл F.C. кешіккендіктен Мұхаммед F.C. алаң болады. Ж.Б.М.Р.К. (63) (Жебрейіл F.C.): "Раббымның әмірімен ғана түсеміз. Алды-артымыздагы және екі арадағы жағдайларды білу Оған тән. Сондай-ақ Раббың ұмытпайды. (64)

رَبُّ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَا يَنْهَا فَأَعْبُدُهُ وَأَصْطَرُ لِعِدْنَاهُ
 هَلْ تَعْلَمُ لَهُ سَيِّئًا ١٦ وَقُولُ الْإِنْسَنُ إِذَا مَاتَ لَسْوَهُ
 أُخْرَ حِيًّا ١٧ أَوْلَادُهُ كُلُّ إِنْسَنٍ أَنَّا خَلَقْنَاهُ مِنْ قَبْلِ
 وَلَنْ يُكَثِّفَ شَيْئًا ١٨ فَوْرَ يَمِينِكَ لَهُ شَرِّهِمْ وَالشَّيْطَانُ ثُمَّ
 لَنْ يَحْضُرَنَّهُمْ حَوْلَ جَهَنَّمَ حِيًّا ١٩ ثُمَّ لَنْ يَرْعَبَنَّ مِنْ كُلِّ
 شَيْءٍ أَيُّهُمْ أَشَدُ عَلَى الرَّحْمَنِ عِنْدَنَا ٢٠ ثُمَّ لَهُنْ أَعْلَمُ بِالَّذِينَ
 هُمْ أَوْلَيُّ بِهَا صِلَيْتَ ٢١ وَإِنْ مَنْكُمْ إِلَّا وَارْدُهَا كَانَ عَلَى رَبِّكَ
 حَتَّمًا مَفْضِيلًا ٢٢ ثُمَّ نَجِيَ الَّذِينَ آتَقْوَانَ دَرَّ الظَّلَمِيْنَ
 فِيهِ حِيَّا ٢٣ وَإِذَا نَلَّ عَلَيْهِمْ إِيَّاهُنَّا بَيْتَنَتِ قَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا
 لِلَّذِينَ أَمْنُوا أَنَّ الْفَرِيقَيْنِ خَيْرٌ مَقَامًا وَأَحْسَنُ نَبْيًا ٢٤ وَلَكُمْ
 أَهْلَكَ حَافِنَاهُمْ مِنْ قَرْنِهِنْ هُمْ أَحْسَنُ أَهْلَكَ وَرَبِّيَا ٢٥ قُلْ مَنْ
 كَانَ فِي الْأَضْلَالَةِ فَلَيَمْدُدَهُ الرَّحْمَنُ مَذَاقِي إِذَا رَأَوْمَا يُعَذَّبُونَ
 إِنَّا لِلْعَذَابَ وَإِنَّا لِلسَّاعَةِ فَسَيَعْلَمُونَ مِنْ هُوَ شَرِّ مَكَانًا
 وَأَصْعَفَ جُنَاحًا ٢٦ وَبَزِيدُ اللَّهِ الَّذِينَ آهَنَدُوا هُدًى
 وَالْبَيْقَيْتُ الصَّالِحُتُ خَيْرٌ عِنْدَ رَبِّكَ ثُوَّابًا وَحِيرَ مَرَدًا ٢٧

٢١٠

Ол, көктер мен жердің ері арасындағы лардың Раббы. Сондықтан Соған құлшылықта сабырлы бол. Сол аттас билетінің бар ма? (Бұдан басқа Алла бар ма?) (65) Адам баласы: "Мен өлген уақытта тіріліп, ортага шығарыламын ба?", - дейді. (66) Ал адам баласы, өзін алғаш жаратқанымызда, дәнене емес екенін ойламай ма? (67) Раббыңа серт! Элбette оларды да шайтандарын да жинаймыз. Соңан соң тозақтың айналасына тізерлетіп, оларды әзірлейміз. (68) Соңан кейін әрбір топтан Аллаға қайсысы қатты қарсы келгенін ортага шығарамыз. (69) Сосын әрине олардан тозаққа лайық болғанын жақсы білеміз. (70) Сендерден тозаққа келмейтін (сыраттан өтпейтін) ешкім болмайды. (Бұл) Раббыңа тұжырымды, міндепті бір үкім. (71) Соңыра тақуа болғандарды құтқарамыз да залымдарды тозақта жүгіндіріп қоямыз. (72) Өздеріне ашық түрде аяттарымыз оқылған заман; кәпірлер, (байлықтарын салғастырып) мұміндерге: "Еki топтың қайсысы жағдайда жақсы, жиналыста көркем?", - деді. (73)

Бұлардан бұрынғы нәсілден талайды жок еттік. Олар, дүниелікте әрі көріністе бұлардан артық еді. (74) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Кім адасқан болса, Алла оны мұлде созып қояды да ақыр өздеріне уәде етілген азапты не қияметті көрген сәтте, олар кімнің орны жаман, сыйбайластары әлсіз екенін біледі" де. (75) Алла (Т.) тұра жол тапқандарға туралықты артырады. Тұрақты иғілік; Раббыңың, қасында сауап түрғысынан жақсы да нәтиже бойынша хайырлы. (76)




(Мұхаммед F.C.) аяттарымызға қарсы келіп: "Әлбетте маған мал, бала беріледі" дегенді көрдің бе? (77) Ол, көмestі білді ме? Немесе Алладан уәде алды ма? (78) Эсте олай емес. Оның айтқанын жазамыз да оған азапты арттырган сайын арттырамыз. (79) Сондай-ақ оның айтқанына Біз ие боламыз да ол бізге жалғыз келеді. (80) Олар өздеріне абырой түшін Алладан өзге тәңір жасап алды. (81) Олай емес, тәңірлері олардың табынуларына қарсы шығып, өздеріне теріс келеді. (82)

(Мұхаммед F.C.) көрмедің бе? Кәпірлерге, оларға тұрткі салатын шайтандарды жібердік. (83) Олар түшін асықпа. Шынайы түрде олардың күнін санаудамыз. (84) Сол күні, тақуаларды Рахманның хұзырына қонақ түрінде жинаймыз. (85) Күнәкарларды шөлдеген түрде тозаққа айдаймыз. (86) Рахманның қасында уәде алғаннан басқа ешкім шапағат ету күшіне ие бола алмайды. (2-C.555-A.) (87) Олар: "Алла, бала иемденді" десті. (88) Расында өрескел нәрсе сөйледіңдер. (89) Бұдан көктер шатынай, жер жарыла, таулар құлап түсे жаздайды: (90) Аллаға бала түйғарғандықтарынан. (91) Негізінен Аллаға бала лайық емес. (92) Көктер мен жердегі әркім Аллаға ғана құл болып келеді. (93) Расында Алла, оларды түгендереп, бір-бірлеп санын біледі. (94) Сондай-ақ олардың барлығы Оған жеке-жеке келеді. (95)

Күдіксіз иман келтіріп, тұзу іс істегендеге; Алла, сүйіспеншілік береді. (96) (Мұхаммед F.C.) Құранды, ол арқылы тақуаларды қуантып, қасарысқан елді қорқытуың үшін өз тілінде оңайластырып түсірдік. (97) Олардан қаншалаған нәсілді жоқ еттік. Енді олардың ешбіреуін сезініп, сыйдырларын естисің бе? (98)

20-ТАҢА СҮРЕЦІ

Меккеде тұскен. Жұз отыз бес аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.
(Мұхаммед F.C. ның бір аты.) Басқа үгымын Алла біледі. (1) Саған Құранды машақат үшін түсірмедік. (2) Бірақ қорыққан кісіге насиҳат үшін түсірдік. (3) Жер мен биік кектерді жаратқаннан түсірліді. (4) Ол Рахман, гаршыны менгерді. (5) Кектердегі, жердегі әрі екі арасындағы нәрселермен топырақтың астындағы нәрсе Оған тән. (6) Сөзінді мейлі әшкере сөйле. Расында Ол сырды да құпияны да біледі. (7) Ол Алла. Одан басқа ешбір тәнір жоқ. Ең көркем аттар Оған тән. (8) (Мұхаммед F.C.) саған Мұса (F.C.) ның әңгімесі келді ме? (Мұса F.C. жұбайымен Мәдяннан Мысырдағы шешесін көру үшін жолға шығады. Қараңғы бір қыс



түнінде "Тұа" ойпатына келгенде бір жағынан жұбайы толғатып, жолдан адасып, қарлы бораннан қойлары ығып кетеді. Ж.Б.М.Р.К.Х.) (9) Сол уақытта ол бір от көріп, үй-ішіне: "Тұрып тұрындар. Бір от көрдім. Бәлкім сендерге бір шоқ келтіремін немесе от жақта, бір жол көрсетуші табармын" деді. (10) Ол отқа барған сәтте: "Әй Мұса!" деп шакырылды. (11) "Рас Мен Раббыңын. Кебісінді шеш. Өйткені, сен қасиетті Тұа ойпатындасың" (12)